

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері
салалық кәсіподағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық
инспекторы» Республикалық жыл сайынғы байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» атағы (әрі қарай – «Техникалық инспектор») байқауы Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы (әрі қарай – Кәсіподақ) мүшелік ұйымдарының еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары арасында өткізіледі.
2. Байқау ұйымдастырушысы – Кәсіподақтың Орталық Комитеті.
3. Осы Ереже байқауды өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, шарттары мен тәртібін, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.
4. «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» байқауы жыл сайын өткізіледі.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5. Байқау:
 - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылаудың тиімділігін арттыру (бұдан әрі – ЕҚЖЕК);
 - Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, еңбекті қорғауды басқарудың салалық жүйесінің (ЕҚБЖ) талаптарына сәйкес жұмыс берушілердің қауіпсіз еңбек жағдайларына жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауы;
 - өндірістік жарақаттануды және кәсіби сырқаттанушылықты төмендету;
 - еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың қызметін жетілдіру және ынталандыру мақсатында өткізіледі.
6. Байқау міндеттері:
 - Кәсіподақтың еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторларын анықтау;
 - ЕҚЖЕК мәселелерінде кәсіподақ ұйымдарының ролін арттыру;
 - кәсіподақтың еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторларының жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату;
 - ЕҚЖЕК жағдайына жұмыс берушілер өкілдерінің назарын күшейту және өндірістегі жазатайым оқиғалардың орын алуына жол бермеу;

- ЕҚЖЕҚ нормалары мен ережелерінің бұзылуын уақтылы анықтау және жою;
- еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың қызметін моральдық және материалдық ынталандыру болып табылады.

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

7. Байқауға Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары есептік жылдағы жұмыста ең үздік көрсеткіштермен қатысуға құқылы.

8. Егер ол жұмыс істейтін ұйымда есептік жыл ішінде өліммен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаға жол берілсе, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор осы байқауға қатысуға жіберілмейді.

9. Байқау келесі топтар бойынша өткізіледі:

- 1 топ – Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары;
- 2 топ – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылым ұйымдарының, жоғары оқу орындарының еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

10. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезеңде кәсіподақтың мүшелік ұйымы (облыс, Астана қаласы, Республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент қалалары) деңгейінде еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор айқындалады;
- екінші кезеңде байқаудың республикалық салалық деңгейдегі жеңімпаздары анықталады.

11. Байқаудың екінші кезеңіне әр топ бойынша еңбекті қорғау жөніндегі бір техникалық инспектор ұсынылуы мүмкін.

12. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізуді облыстық және республикалық конкурстық комиссиялар жүзеге асырады.

13. Облыстық конкурстық комиссияның саны мен құрамын Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшылық органдары айқындайды.

14. Республикалық конкурстық комиссияның саны мен құрамын Кәсіподақтың төрағасы айқындайды.

15. Конкурстық комиссияларға жалпы басшылық ету, байқаудың өткізу шарттары мен тәртібінің сақталуын бақылау, байқауға қатысу үшін техникалық инспектордың құжаттарын (бұдан әрі – құжаттар) қабылдау және оларды қарау, жеңімпаздарды айқындау жөніндегі функциялар, сондай-ақ байқауды өткізуге байланысты өзге де міндеттер жүктеледі.

16. Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін Кәсіподақтың мүшелік ұйымы 20 наурызға дейінгі мерзімде Кәсіподақтың Орталық комитетіне proin.kz@mail.ru электрондық поштасына келесі материалдарды жібереді:

- конкурсқа қатысушының сауалнама-өтінімі (осы Ережеге 2-қосымша);

- конкурсқа қатысушыға мінездеме-ұсыныс (осы Ережеге 3-қосымша);

- конкурсқа қатысушының көрсеткіштер кестесі (осы Ережеге 1-қосымша)

Кестеге қоса:

- *еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың озық жұмыс тәжірибесінің парағы (альбомды, фотосуреттерді, ақпараттық парақтарды, кандидаттардың еңбекті қорғау мен жағдайларын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс нәтижелерін көрсететін көрсеткіштер схемаларын қоса бере отырып), бейнеролик;*

- *техникалық инспектордың еңбекті қорғау саласындағы жұмыс әдістері туралы ақпаратты қамтитын мақалалары. - еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор куәлігінің көшірмесі;*

- *еңбекті қорғауға арналған плакат (көбейтілмеген өнім) (Ф1 форматы) беріледі.*

- кестеге түсіндірме жазба (осы Ережеге 4-қосымша).

- кәсіподақ мүшелік ұйымының басшы органының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» атағын беруге кандидат ретінде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторды ұсыну туралы шешімі;

- кәсіпорында / ұйымда (бөлімшеде) өліммен аяқталатын еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың болмауы туралы тиісті өңірдің мемлекеттік еңбек инспекциясының анықтамасы;

17. Материалдар электрондық және қағаз тасығышта ұсынылады. Қағаз тасығыштағы материалдар ұйымның деректемелері, орындаушының аты-жөні көрсетілген папкаға тігіледі.

18. Техникалық инспектордың жұмыс көрсеткіштері жергілікті актілердің (бұйрықтардың, шешімдердің, хаттамалардың, журналдар мен газеттерден алынған мақалалардың және т.б.) көшірмелерімен (үзінділерімен), фотосуреттермен, бейнероликпен расталады және балдық жүйе бойынша бағаланады.

БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

19. Байқаудың қорытындысын шығару көрсеткіштер Кестесіне сәйкес балдық жүйе бойынша жүргізіледі (осы Ережеге 1-қосымша). Конкурс қорытындысы конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді.

20. Ең көп балл (ұпай) жинаған еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар конкурстың жеңімпаздары болып танылады.

21. II кезеңде конкурстық комиссия байқаудың қорытындысын шығаруды 20 сәуірге дейін жүзеге асырады.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

22. Байқау қорытындысы бойынша Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының сәйкесінше **I, II, III орын** және «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» атағын бере отырып, әр топта үш жеңімпаз анықталады.

23. Байқау жеңімпаздары Кәсіподақ грамоталарымен және ақшалай сыйлықақымен марапатталады, олардың мөлшерін кәсіподақ ұйымының уәкілетті органы айқындайды.

24. Конкурстың қорытындылары мен материалдары Кәсіподақтың ресми сайтында орналастырылады.

25. Байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанатты жағдайда өткізіледі.

26. Байқау жеңімпаздары Кәсіподақ наградаларына ұсынылуы мүмкін.

27. Техникалық инспекторлардың құжаттарын олардың келісімі бойынша Кәсіподақ ЕҚЖЕҚ бойынша республикалық салааралық конкурстарға қатысу үшін жіберілуі мүмкін. Байқау жеңімпаздарының жұмыс тәжірибелері Кәсіподақтың құрылымдарында таратылады.

БАЙҚАУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

28. Ұйымдастырушылық шығыстар және байқаудың I кезеңінің жеңімпаздарына сыйлықақы беру Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары есебінен жүргізіледі.

29. Ұйымдастырушылық шығыстар және байқаудың II кезеңінің жеңімпаздарына сыйлықақы беру Кәсіподақтың Орталық Комитеті есебінен жүргізіледі.

30. Конкурсқа қатысушылардың іссапар шығыстарын төлеу іссапарға жіберуші ұйымдар есебінен жүргізіледі.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы»
Республикалық жыл сайынғы байқауы туралы Ережеге 1-қосымша

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың 20__ жыл үшін жұмыс көрсеткіштерінің КЕСТЕСІ

(мүшелік ұйым)

(инспектордың тегі, аты, әкесінің аты)

№	Жұмыс көрсеткіштері	Көрсеткіш бойынша балл саны	Өткізілген іс-шаралар саны	Жалпы баллдық нәтиже
1	2	3	4	5
1.	Еңбекті қорғау талаптарының сақталуы бойынша тексерулер жүргізілді:	1 тексеру үшін 3 балл		
1.1.	- мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарымен бірлесіп;	1 тексеру үшін 1 балл		
1.2.	- ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметімен бірлесіп	1 тексеру үшін 1 балл		
2.	Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың ескертулерінде/ұсыныстарында белгіленген еңбекті қорғау талаптарының анықталған бұзушылықтарының саны	10 бұзушылық үшін 1 балл		
3.	Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың ескертулерінде/ұсыныстарында белгіленген еңбекті қорғау талаптарының жойылған бұзушылықтарының саны	10 бұзушылық үшін 3 балл		
4.	Растайтын жазбалармен еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысу	1 қатысу үшін 1 балл		
5.	Растайтын құжаттармен бірге қызметкердің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған жағдайда жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының жұмысын және жабдықтарды, механизмдерді пайдалануды тоқтата тұру	1 тоқтата тұру үшін 2 балл		

6.	Өндірісте болған жазатайым оқиғаны тергеу жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысу (өндірісте болған жазатайым оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның хаттамасы ұсынылады)	1 қатысу үшін 1 балл		
7.	Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқықтарының бұзылуына байланысты, оның ішінде жұмыскерлердің пайдасына рұқсат етілген қаралған өтініштерінің, арыздары мен шағымдарының саны (жазбаша өтініштердің, шағымдардың материалдары және оларға жауаптар беріледі)	1 өтініш үшін 2 балл		
8.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша еңбек дауларын шешуге қатысу (келісу комиссиясының хаттамасы ұсынылады)	1 қатысу үшін 2 балл / оң шешім үшін +3 балл		
9.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын сот арқылы қорғауға қатысу	1 қатысу үшін 2 балл / оң шешім үшін +3 балл		
10.	Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың біліктілігін арттыру мақсатында семинарларға, тренингтерге қатысуы. Тыңдаушылар саны көрсетілген семинарлар, тренингтер хаттамалары ұсынылады	1 семинар/ тренинг үшін 1 балл		
11.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан өткені туралы қолданыстағы сертификаттың болуы	Сертификат үшін 5 балл		
12.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту семинарларын, тренингтерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысу (семинарға қатысушылар тізімі, семинарлар, тренингтер бағдарламасы ұсынылады)	1 семинар, тренинг үшін 5 балл		
13.	Қызметкерлердің арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуін бағалау хаттамасының болуы	1 хаттама үшін 2 балл		
14.	Ұйымда (бөлімшеде) өліммен аяқталатын жазатайым оқиғалардың жоқтығы туралы мемлекеттік еңбек инспекциясы анықтамасының көшірмесі	5 балл		
	Барлығы	X	x	X
№ р/с	Қосымша артықшылықты көрсеткіштер	Көрсеткіш бойынша балл саны	Мақалалар, схемалар, диаграммалар,	Жалпы балдық нәтиже

			кестелер саны	
1	Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың жұмыс нәтижелері туралы кәсіподақ мүшелерін хабардар ететін баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарындағы, сондай-ақ білім беру ұйымының әлеуметтік желілеріндегі мақалалар саны (газеттердегі мақалалардың көшірмелері және сайттарда орналастырылған ақпараттық материалдардың тізбесі ұсынылады)	1 мақала үшін 5 балл		
2	ҚРКФ, Салалық кәсіподақ сайттарындағы еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың материалдары бойынша дайындалған ақпарат (схемалар, диаграммалар, кестелер)	1 схема, диаграмма, кесте үшін 5 балл		
3	Еңбекті қорғау жөніндегі стендтің, бұрыштың, еңбекті қорғау жөніндегі плакаттардың болуы (пәндік кабинеттерде орнатылған стендтер есепке алынбайды)	1 материал үшін 2 балл		
4	Еңбекті қорғау мәселелері бойынша, оның ішінде телефон және электрондық пошта арқылы түсініктемелер, консультациялар берілді (журналдың көшірмелері мен скринфайлдар ұсынылады).	5 консультация үшін 1 балл		
5	Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың озық жұмыс тәжірибесінің парағы (альбомды, фотосуреттерді, ақпараттық парақтарды, кандидаттардың еңбектің қорғалуы мен жағдайларын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс нәтижелерін көрсететін көрсеткіштер схемаларын қоса бере отырып)	5 балл		
	Қорытынды	х	х	х

Ескертпе: көрсеткіштер жергілікті актілердің (бұйрықтардың, карталардың, ұсынымдардың, хаттамалардың, журналдардың, газеттердің және т.б.) фотосуреттерімен және көшірмелерімен (үзінді көшірмелерімен) расталуы және **оқиға күні (күні көрсетілген құжаттар) міндетті түрде көрсетілуі тиіс.**

Кәсіподақ комитетінің төрағасы _____ / _____
(қолы) (аты-жөні)

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор _____ / _____
(қолы) (аты-жөні)

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы»
 Республикалық жыл сайынғы байқауы туралы Ережеге 2-қосымша

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» Республикалық жыл сайынғы байқауына қатысушының сауалнама-өтінімі

№	Атауы	Ақпарат
1.	Т.А.Ә. (толық)	
2.	Туған күні	
3.	Қатысушымен байланыс (ұялы телефон, e-mail)	
4.	Білімі	
5.	Ұйымдағы атқаратын лауазымы	
6.	Жұмыс өтілі	
7.	ЕҚЖЕҚ бойынша курстарда оқу сертификатының болуы	
8.	Ұйымның толық атауы	
9.	Ұйыммен байланыс (заңды мекенжайы, телефон, e-mail)	
10.	Ұйым басшысының Т.А.Ә.	
11.	Кәсіподақ ұйымы төрағасының Т.А.Ә.	
12.	Кәсіподақтың аудандық ұйымының атауы	
13.	Кәсіподақтың аудандық ұйымы төрағасының Т.А.Ә.	
14.	Кәсіподақтың облыстық ұйымының атауы	
15.	Кәсіподақтың облыстық ұйымы төрағасының Т.А.Ә.	

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

Кәсіподақ ұйымының төрағасы

_____ (қолы)

_____ (ТАӘ)

«__» _____ 20__ ж.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы»
Республикалық жыл сайынғы байқауы туралы Ережеге 3-қосымша

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» Республикалық жыл сайынғы байқауына қатысушыға мінездеме

(еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың Т.А.Ә.)

(Ұйым атауы)

(Мінездеме еркін түрде жазылады)

**Кәсіподақ ұйымының
төрағасы**

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

«__» _____ 20__ ж.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» Республикалық жыл сайынғы байқауы туралы Ережеге 4-қосымша

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» жыл сайынғы конкурсына қатысушының атқарған жұмысы туралы түсіндірме жазбасы

(еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың Т.А.Ә.)

(Түсіндірме жазба жұмыстың деректерімен және жалпы мәліметтерімен еркін нысанда жазылады)

**Еңбекті қорғау жөніндегі
техникалық инспектор**

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә.)

«___» _____ 20__ ж.